



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

басқаларға біздің мемлекеттердет күш пен ерік бар екендігін көрсетеді»

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы <http://www.mfa.kz/index.php/kz/aza-stanny-syrt-y-sayasaty/aza-stan-men-alamdy-zh-ne-ajma-ty-aupsizdik/zhyndy-aupsizdik-turaly-sharty-jymy>
2. В Таджикистане завершилось совместное учение с силами и средствами разведки вооруженных сил государств-членов ОДКБ «Поиск-2016» http://www.odkb-csto.org/training/detail.php?ELEMENT_ID=6109&SECTION_ID=213
3. Антитеррористическое учение ОДКБ «Кобальт-2016» завершилось на полигоне «Баграмян» в Армении. Спецподразделения МВД из состава формирований сил спецназначения провели специальную операцию по «уничтожению» террористических групп и наркогруппировки http://www.odkb-csto.org/training/detail.php?ELEMENT_ID=6426&SECTION_ID=95
4. В Псковской области началось командно-штабное учение «Взаимодействие-2016» с воинскими контингентами КСОР ОДКБ http://www.odkb-csto.org/training/detail.php?ELEMENT_ID=6921&SECTION_ID=93
5. Подготовка миротворцев ОДКБ на учении «Нерушимое братство-2016» идет «полным ходом» http://www.odkb-csto.org/training/detail.php?ELEMENT_ID=7239&SECTION_ID=250
6. На горном полигоне "Эдельвейс" в Кыргызстане началось учение Коллективных сил быстрого развертывания Центрально-Азиатского региона «Рубеж-2016» http://www.odkb-csto.org/training/detail.php?ELEMENT_ID=8151&SECTION_ID=94

УДК 332.135(4-15)

ОРТАҚ ЕУРОПАЛЫҚ НАРЫҚ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Кулжанбекова Айзат Абдикалыковна

kulzhanbekova14@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Халықаралық қатынастар факультеті, аймақтану кафедрасының 3курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Ахмет Ә.С.

1992 жылы ақпан айында Маастрихт келісіміне қол қою – евроның енуі мен бірыңғай валюталық зонаның пайда болу үдерісін бастады. Бұл келісім қол қойған елдердің валюталық және монетарлық саясатының бірігуін, сонымен бірге, Германия және Франция елдері тәрізді жетекші елдердің эффективті және тұрақты экономикасына байлануын білдірді. Еуропалық одаққа енген перифериялық мемлекеттер еурозонаға кіру арқылы еуропалық «ядро» болып саналған елдер тәрізді тұрақтылықпен қамтылуды қамтамасыз етуге тырысқаны құпия емес[1].

1999 жылы 1 қаңтар Еуропалық валюталық одақтың (ЕВО) немесе Еуропалық валюталық-экономикалық одақтың (ЕВЭО) қызметін бастаған кез. Алғашқы кезде оған 10 мемлекет енді, кейінірек (2001 ж.) Грекия қосылды. Бүгінде, Еуроаймаққа 17 мемлекет мүше, елдердің бірқатары қосылуға дайындық жасауда. Экономикалық тарихта осындай үлкен қатысушыларды қамтыған валюталық одақ болған емес, сондықтан оның құрылуындағы бірқатар қателіктердің болуы да осыған байланысты.

Әлемдік қауымдастықта мойындалған Еуропалық мемлекеттерді біріктірген фактор – евроның төлем құралы ретінде қабылдануы болды. Жалпы, евро тек аймақтық төлеу валютасы ғана емес, халықаралық валюта болып табылады. Сондықтан, ол тек Еуроаймақ үшін ғана емес, халықаралық валюталық нарық үшін маңызы зор. Евро АҚШ доллары, қытайлық юань, британдық фунтпен салыстырғанда өте жас валюта. Ал оның басты ерекшелігі – ұлтүсті сипаты мен басқарудағы қиын механизмінде. Өзінің қысқа қызмет

етуінде евро Еуроаймақ елдерінің ғана емес, халықаралық валюталық нарықтардың сенімдеріне бөленіп отыр[2].

Еуропалық валюталық одақты дайындау кезінде оны құрудың екі негізгі, әрі бір-біріне қарама-қарсы жолдары таңдалынды:

Бірінші – экономикалық дамудың негізгі параметрлері және саяси-экономикалық шешімді қабылдаудағы негізгі құрылымдарды кезеңмен толықтай жақындастыру. Бұл жақындастырудың ұзақтығы елдердің экономикалық дамуының дифференциация деңгейіне байланысты болды. Дифференциация жоғары болған сайын саяси, қаржылық, ұйымдастырушылық мәселелерге байланысты қиындықтар көбейе түседі.

Жақындастыру үдерісі ұзақ уақытты қамтиды (кемінде 30-40 жыл), ал оның нәтижесі экономикалық кеңістіктің бірыңғай дамуына әкеледі. Валюталық одақтың осы жолмен қалыптасуы бірқатар саяси көшбасшылардың ұрпақтарын қамтитын еді. Бұл дегеніміз, тарихи және саяси танымалдылыққа тек бұрынғы кезеңнің көшбасшылары ғана емес, кейінгі лидерлер де бөлінетін еді.

1980 жылы Еуропаға осы жолмен жүруге саяси және субъективті шыдамы жетпеді, себебі бұл нұсқа серіктестер арасында келесі бағыттарда ұзақ жұмысты қажет етті:

- Ортақ валюта үшін қажетті бірыңғай экономикалық базаны құрудағы стратегиялық жоспарды құру және қарастыру;
- Қаржылық критерийлер, санкциялар механизмі мен ұйымдастырушылық алғышарттарды жасау;
- Валюталық кеңістікке өндіріс факторларын мобильді түрде орын ауыстыру;
- Мүше-елдердің экономикалық саясатын жақындастыру және координациялау;
- Үндескен фискальді саясат пен салықтық саясатты құру;
- Экономикалық саясаттың маңызды сұрақтарына жалпы түсініктер қалыптастыру;
- Фискальді көрсеткіштерді ғана емес, сонымен бірге бәсекеге қабілеттілік, төлем балансының жағдайы тәрізді экономикалық категорияларға мән беру және т.б.

Екінші жол – big bang (шоковый вариант) деп аталатын нұсқа: жаңа валютаны ұзақ уақыт ішкі дайындығынсыз ендіру, яғни валюталық одаққа қатысатын елдердің алдын ала экономикалық және қаржылық ішкі құрылымдарын жақындастырусыз іске асады.

Бұл нұсқа қатысушылардың экономикалық құрылымында мардымсыз дифференциация деңгейі кезінде және шиеленісті әрі ауыр экономикалық жағдайда ортақ валютаны (енгізгеннен кейін) құруда басталған істі аяқтауды көздеген қатысушы елдер ортақ валютаның тәртіпке салушы эффектіні аңсап, экономикалық көрсеткіштердің жақындастыруға тырысады. Бұл нұсқаның созылуы – кем дегенде, 10-15 жыл, яғни саяси лидерлердің бір ұрпағын қамтиды.

1980 жылдың саяси элитасы (Коль – Германия, Миттеран – Франция және т.б.) жеңіл әрі престижді болып есептелген екінші жолмен жүруге шешім қабылдады.[2]

1978 жылы бірыңғай Еуропалық валюталық жүйе енгізілгеннен кейін (біздің білуімізше, бұл ұзақ жолдың іске асуының кезеңі еді), Германияда билік басшысы ауысты (социал-демократ, экономист Шмидттің орнына тарих пәнінің маманы Коль келді). Коль билікке келгеннен кейін, дереу бірыңғай валютаны енгізу үшін ұйымдастырушылық және қаржылық алғышарттарды дайындай бастады. 1991 жылы, яғни бірыңғай еуропалық валюталық жүйенің енуінің 14 жылынан кейін бірыңғай валютаны ендіру туралы келісімге қол қойылды (Маастрихт келісімі). Бұл кезге дейін қаржылық және экономикалық параметрлердің жартылай жақындастыру жүргізіліп қойған еді.[3]

Еурозонаның базалық келісімдерінің кемшіліктеріне

- Бір жыл арасында қаржылық критерийлерді орындау жағдайында Еурозонаға ену мүмкіндігі (1997 жыл);
- Жауапкершілікке тартатын санкциялық механизмді құрмай жатып, еуроаймаққа енудің қаржылық критерийлерін жариялау жатады.

Еуропаның ақшалай бірыңғай валютасын енгізудің мақсаты – Еуроодақ жақтарының тұрақтылығын қамтамасыз ету, инфляциямен күрес, әлемдік және қаржылық нарықтарда

бәсекеге қабілеттікті көтеру.[2]

Евроны ендіру үш кезеңнен тұрды:

Бірінші кезең (1 шілде 1990 жылдан – 1 қаңтар 1993 жылға дейін) – дайындық кезеңі. Маастрихт келісімінің күшіне енуі үшін шаралар жасалынған кезең. Әсіресе, ЕО-тағы капиталдың еркін қозғалысы, ақшалай және бюджеттік саясатты жақындастыру туралы ұлттық бағдарламалар пайда болды.

Екінші этап (1 қаңтар 1994 жыл – 31 желтоқсан 1998 жыл) – евроның енуі үшін дайындық кезеңі. Кейінірек Еуропалық орталық банк болып аталған еуропалық валюталық институт құрылды. Осы жылы Еуропалық валюталық одаққа кіру критерийлері қарастырылды. Бұл кезеңде ЕВО-ның ұйымдастырушылық құрылымдары, сонымен бірге түрлі еуропалық институттар (Еуропалық инвестициялық банк, Аймақтық даму еуропалық фонды, Еуропалық әлеуметтік фонд) қалыптасты.

Ұлттық Орталық банктердің өз үкіметтерінен және олардың тарапынан қаржыландыруды тоқтатудың өтпелі кезеңі болып жоспарланды. Осы кезеңде Еуропалық Орталық Банктің (ЕОБ) басқаруымен Орталық банктердің бірыңғай жүйесі (ОББЖ) құрылды. Өтпелі кезең мүше-мемлекеттердің экономикалық саясатының тығыз конвергенциялануын және Маастрихт келісіміндегі критерийлерге қол жеткізу үшін мемлекеттердің жақындасуын міндет қылды. Бұл талап та орындалды. ЕЭҚ-тың 15 мемлекетінің 11 мемлекеті ЕВО-ның мүшесі болды[5].

Үшінші кезең (1 қаңтар 1999 жылдан 2002 жылғы шілдеге дейін) – бірыңғай еуропалық валютаға ену кезеңімен сипатталады. 1 қаңтар 1999 жылы евро аймағына мүше-елдердің ұлттық валюталары курсы евро қатынасында тұрақталды. Еуропалық орталық банк, еуроаймақ орталық банктері, Орталық банктердің еуропалық жүйесі өз жұмысына кірісті. 1 қаңтар 2002 жылы ұлттық банкноттарды евроға ауыстыру жүргізілді. Осылайша, барлық банктік төлемдер еуропалық валютаға конверсияланды.

Нәтижесінде, бірнеше жылдар бойы бірыңғай еуропалық валютаға ауыстырылу үдерісі жүріп жатты. Алғашқы 1999-2001 жылдары Евро ЭКЮ-дің орнына келген төлемнің лимитсіз құралы болып қолданылады, кейінірек, 2002 жылдан кейін евро ұлттық валютаның орнын басуға бағытталған ақшалай валютаның рөлін ойнай бастады[5].

ЕВО-ның құрылуы келесі жағдайлардың орындалуына себеп болды: бірыңғай капитал нарығының құрылуы; жеке және заңды тұлғалар үшін айырбастау курсына валюталық тәуекелді жою; ұлттық және аймақтық экономикалардың валюталық тұрақтылығын орнату; бағалар тұрақтылығына қол жеткізу. ЕВО-ны басқару функцияларын Валюталық комитет, бүгінде Экономикалық және қаржылық комитет (ЭКОФИН) орындайды. Ол Еуропалық кеңесті және Еуропалық комиссияны керекті қаржылық және валюталық мәліметтермен бөлісіп отырады. 73 ^[5] ЕВО-ның құрылу алғышарттарына келер болсақ,[2]

1. Валюталық одаққа мүше елдердің экономикалық базасының ортақтығы.

Экономикалық валюталық кеңістіктегі бұл шарт орындалды. Еуроаймақ елдерінің сыртқы саудасының 60% бір-бірімен жүзеге асады. Сол себептен, бұл елдер үшін айырбас курсына өзгерістер тәуекелі төмен болғандықтан, евро олар үшін сенімді импорт-экспорттық операцияларды орындайтын сенімді курс болып табылады.

2. Экономикалық және қаржылық дамудағы үлкен айырмашылықтардың болмауы

Бұл шарт іске аспады. Себебі, ЕВО әлемдік экономикалық дамудың жетекші елдерін және дамушы елдерден даму көрсеткіштерінен алыстамаған елдерді қамтиды.

Валюталық одақты құру практикасы бір-бірінен үлкен экономикалық көрсеткіштермен ерекшелентеін елдер арасында көп мәселеге байланысты дау, пікірталастың туындайтынын дәлелдеді. Бұны іс жүзінде, Еуроаймақ тәжірибесінде байқауға болады.

3. Ортақ ақшалай-несиелік саясатты жүргізу.

1998 жылы, яғни евроның ресми валюта ретінде енуінен бір жыл бұрын еуроаймақ елдерінің орталық банктерінің құзырындағы Еуропалық орталық банк құрылды. Ұзақ уақытты пікірталастардан кейін ЕОБ еуроаймақ мүшелерінің жылдық инфляция деңгейі 2%-дан төмен болмау керектігін жариялады[6]. Бұл дегеніміз, ЕОБ енді Еуроаймақтың солтүстік

елдеріне тиісті қатаң инфляциялық принципмен жұмыс істеуі керек. Өзінің басты мақсаты – бірыңғай валютаның тұрақтылығын сақтау үшін – ЕОБ саяси тәуелсіздік принципімен жұмыс істеуі қажет. Ол – мұндағы шешімдерді саясаткерлер емес, эксперттер шешу деген сөз. Сол себептен, ЕОБ-қа мемлекеттік бюджеттің дефицитін тура немесе жанама түрде қаржыландыруға тыйым салынады.

Кез келген валютаның сыртқы және ішкі тұрақтылығын сақтау оның мойындалуының кепілі. Сол мақсатта, ЕОБ 4 қатаң критерийлерді ұсынды. Бұл критерийлерді сақтау, ЕОБ-ның мүшесі болуға құқық беріп, ЕОБ тарапынан санкциялардан қауіптенбеуді қамтамасыз етеді. Аталған критерийлер өте қатаң болды:[2]

1. Бюджеттік дефицит – ІЖӨ-нің 3%-дан аспауы керек. (Маастрихт келісімі бойынша бұл нормативті бұзғандарға санкциялар қолданылады).

2. Мемлекеттік қарыз – ІЖӨ-нің 60%-дан аспауы керек.

3. Инфляция – ЕО-ң біршама тұрақты көрсеткіштеріне ие үш мемлекетінің орта деңгейінен 1,5% пункттен жоғары болуы тиіс.

4. Ұзақ мерзімді несиелік ставкалар ЕО-ң біршама тұрақты көрсеткіштеріне ие үш мемлекетінің орта деңгейінен 2% пункт жоғары болмау керек.

Осындай үдерісті қамтыған евроның енгізілуі – Еуропалық экономика-валюталық одағының (ЕЭВО) құрылуын, яғни Қауымдастықтың бірден бір экономикалық, әлеуметтік, саяси жетістіктерге жеткізуін білдірді. Енді, барлық еркіндіктердің орын алуына мүмкіндік туған еді.

Жалпы, Еуропалық нарықтың жетістіктері туралы айтқанда, алғашқы сөз ортақ нарық туралы болуы тиіс. Себебі, жарты ғасырдай дамып келе жатқан бұл жоба бүгінде кеңістігіндегі азаматтары, жалпысубъектілері үшін көптеген артықшылықтарды ұсынып, Еуроаймақтағы ең маңызды жетістіктердің бірі болып табылады.

Ортақ еуропалық нарық – Еуропалық одақтың маңызды жетістігі. Ол Еуропа кеңістігінде жұмыс орындарын көбейтуге жол ашты. Ортақ нарық азаматтардың еркін қоныс аударуына, өз ісін ашуға және жұмыспен қамтылуға көмектесіп, ЕО-ны экономикалық тұрғыда берік, әрі тұрақты ұйымға айналуына мүмкіндік берді. Ортақ нарық Еуропа кеңістігін он жыл ішінде трансформациялады. Ол миллиондаған жұмыс орындарын ашып, еркін саудаға кедергілерді жойып, шекараларды ашты.

Сонымен қатар, ортақ нарық – үлкен және кіші кәсіпкерлікке үлкен қолдау көрсетуде. Ортақ нарықтың негізгі принципі болып саналатын тауар және капиталдың еркін қозғалысы осы аталған жағдайлардың кепілі болып табылады.

Ортақ нарық тек таза экономикалық бірігу ғана емес. Ол өз азаматтарына екідайлы, яғни азаматтар ретінде және тұтынушы ретінде көптеген жаңа құқықтар мен бостандықтар беретін үлкен комплекс.[7]

Ортақ нарық азаматтарына мамандануға және жеке мүмкіндіктерге қол жеткізуге болатын құқықтар беруге қабілетті. Бүгінде, көптеген адамдар Ортақ нарық тарапынан алатын осы құқықтар туралы біле бермейді:

Ортақ нарықтың азаматы ретінде, сіз келесі құқықтарға ие бола аласыз:[4]

- Әрбір мемлекетте, ешбір дискриминациясыз еркін қозғалу, турист ретінде саяхаттау, көшіп бару;
- Кез келген мемлекетте жұмыс істеу, тәжірибе жинау және өз ісін ашу құқығы;
- Басқа мемлекетке жұмыс іздеу мақсатында бару және үш ай бойы жұмыссыздық пособиесін алу құқығы;
- Басқа елде оқу, тәжірибе жинау және зерттеумен айналысу;
- Зейнеткерлікке шыққаннан кейін басқа елге барып, зейнеттік ақыны жаңа тұрғылықты жерде алуға мүмкіндік;
- Еуропалық және жергілікті сайлауларға қатысу құқығы;
- Басқа ел шекарасында медициналық көмек қабылдап, бұл қызметтің бағасы өз еліндегі сақтандыру пакетінен қарастырылады.

Аталған құқықтарды қолдану белсенділігі туралы айтар болсақ,

- 1993 жылдан бері 15 млн-ға жуық азаматтар ЕО кеңістігінде қоныс аударған және 5 млн-ға жуық адамдар басқа елде өмір сүруде.
- Жылына 35000 – 45000-ға жуық білікті мамандар басқа елде жұмыс іздеп, тәжірибесін өтуде.[4]Бұл көрсеткіш, қазіргі Еурозонада орын алған дағдарысқа байланысты өте рекордтық мөлшері қамтуда. Әсіресе, Грекия, Испания, Португалия тәрізді елдерден Германияға, Австрия, Францияға қоныс аударушылар саны өте көп.
- 1 млн-ға жуық студенттер басқа елде оқуды Ерасмус бағдарламасы арқылы жүзеге асыруда. Сонымен қатар, 200 000 жуық адам Леонардо да Винчи бағдарламасы бойынша, басқа елде тағылымдамадан өту құқығына ие.[8]
- 200 мыңға жуық, Германия және Ұлыбритания азаматтары Испанияға кетіп қалған, көп бклігі зейнеткерлер.

Комиссия басқарған тәуелсіз азаматтар зерттеуі ЕО азаматтарының көп бөлігі болашақта қоныс аудару құқығын қолдануға ниет білдіретінін көрсетті. Мәселен, зерттеу нәтижесінде қоныс аударуға ниет білдіргендердің қоныс аударып қойғандардан 15%-дан көп екендігі анықталды.[4]Алайда, практика жүзінде азаматтардың қоныс аударуына кедергі болатын бірнеше тежеулер бар. Респонденттердің 11% «маған осындай ой келген, бірақ мен бұл идеяны тастап кеттім» , - деп айтты. Бұл идеяның іске асуына кедергі болатын негізгі барьерлерге отбасылық жағдай мен тілдік барьерлер жатқызылды.

ЕО азаматтарының қоныс аударуына басты кедергі – тілдік барьерлер (әсіресе, Шығыс Еуропа елдеріне байланысты) және отбасылық жағдайлармен байланысты. Бұл мәселені шешу мақсатында ЕО мүшелері өз ана тілдерімен ағылшын тілін ресми тіл ретінде қолданылуда. Бұл шешімнің жағымды нәтижелерін бүгінде көруге болады.

Орталық нарық тарапынан келетін пайда мәселесіне келер болсақ, оларды негізгі үш топқа бөліп қарастыруға болады:

Экономикалық пайда:

- ЕО-ның ІЖӨ көлемі Ортақ нарықтың пайда болуынан өсе түсті.
- 1992 жылы шекараны бақылаудың тежелуі себебінен 2,5 млн жұмыс орны пайда болды.
- Ортақ нарық ЕО-ның жаһандық аренада бәсекелестікке түсуіне себепкер болды.
- Ортақ нарық шетелдік инвесторлар үшін ЕО-ны перспективасы жоғары аймаққа айналдырды.

Тұтынушыларға/азаматтарына пайда: (Бүгінде ЕО кеңістігінде 500 млн-ға жуық тұтынушы бар)

- Жоғары сападағы тауарға және қызметке ие болу мүмкіндігі. Комиссияның соңғы зерттеуі ЕО-ның 80% азаматтары ортақ нарық үлкен талғамға жол ашқандығын, ал 68% азаматтар - Ортақ нарық жоғары сапалы заттардың көбеюіне себепкер деп есептейді.
- Бәсекелестікке қатысты арнайы саясаттың жүргізілуі тауарға деген бағаның аспандап кетуін тежейді. Яғни тұтынушы ұлттық тауарды оңтайлы бағамен сатып алады.
- Телекоммуникация тарифының төмен болуы: Еуроаймаққа кіру кезінде кез келген ел монополияларын жояды. Бұл жағдай жоғары бағалардың алдын алуға көмек береді.
- Билет төлемінің төмен болуы: мәселен, 1992-2000 жылдар аралығында төлем бағасы 40%-ға төмендеген. Өкінішке орай, бүгінгі таңда аймақты қамтыған дағдарысқа байланысты транспорттық төлем бағалары шарықтап кетті.
- 15 млн-ға жуық азамат оқуға немесе зейнеткерлік демалысқа басқа елдерге кетіп жатыр.
- Сатып алушылар шет елде жүрсе де брыңғай тұтынушы құқықтарына ие. [9]

Кәсіпкерлік үшін пайда:

- ЕО шеңберінде сауда жеңілдетілді. Алғашқы кезде орын алатын бюрократиялық рәсімдер көп уақыт, төлемді және көп құжаттарды қажет ететін еді. Бүгінде бұл рәсімдеудің мүмкіндігінше жеңіл формасы ұсынылады.

- Бизнесітегі өзара құқықтар мен міндеттерді мойындау әрбір азамат үшін өз ісін шет елде немесе өз елінде ашуға себепкер болды.
- Көп жағдайда ұлттық заңнамалардың орнына директивалар мен нормативті заңдар қолданылады. Бұл жағдай бизнесті бастау үдерісін жеңілдетеді.
- Ортақ нарық бизнес үшін өте пайдалы. Себебі, ол тауарларға қажетті сұраныспен қамтуға көмек береді және т.б.[10]

Жоғарыда келтірілген дәлелдемелерге қарай отырып, Ортақ нарықтың жалпы Еуроаймақ субъектарына ашқан мүмкіндіктерін сараптауға болады. Ортақ нарық тек таза экономикалық бірігу ғана емес. Ол өз азаматтарына екідайлы, яғни азаматтар ретінде және тұтынушы ретінде көптеген жаңа құқықтар мен бостандықтар беретін үлкен комплекс. Ортақ нарық азаматтарына мамандануға және жеке мүмкіндіктерге қол жеткізуге болатын құқықтар беруге қабілетті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Михайлова Ю. Еврoзона как пространство экономической нестабильности. // Международная экономика, №8, 2012, б.27-34
7. 2.Лохманн Б. О некоторых причинах кризиса Европейского валютного союза. // Информ-аналитический журнал Analytic, №5, 2011, б.13-22
8. 3.Шенгенконвенциясының мазмұны. //
9. <http://eulaw.edu.ru/documents/legislation/schengen/schengenconv.htm>
10. 4.http://ec.europa.eu/internal_market/top_layer/historical_overview/docs/workingdoc_en.pdf
5. Анисимов Л., Катвицкая М. Долговой кризис еврозоны и новые экономические ориентиры России. // Международная экономика, №4, 2012, б.14-25
6. Иванов Н. Митровой кризис и рынок труда // Мировая экономика и международные отношения, 2011, №11, б.3-1
7. <http://www.finman.ru/articles/2001/1/577.html>
8. Селиванова В.А. Роль свободного передвижения капитала в создании общего рынка и достижения внутреннего рынка Европейского Союза // Сборник статей студентов и аспирантов Московской государственной юридической академии 2006 года. - М.: УНИ МПОА. - 2006
9. Гагарина Г.Ю., Громыко В.В., Округ З.М., Сагинова О.В. Экономика Европейского союза: - М.: Экономистъ, 2003.
10. Соколов В.В. Зона Евро: современный этап // Деньги и кредит, №8, 2011.

УДК 327.7:341.1

ШАНХАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫНДАҒЫ ТЕРРОРИЗМ, СЕПАРАТИЗМ ЖӘНЕ ЭКСТРЕМИЗММЕН КҮРЕС

Қалым Жібек Ержанқызы

a_11_enu@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Халықаралық қатынастар факультеті, аймақтану кафедрасының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Ахмет Ә.С.

Қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінде мемлекеттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен ұлттық тәуелсіздігін қорғау ғаламдық сипаттағы проблемалармен бетпе-бет келіп отыр. Азиядағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен ынтымақтастықты дамытуда Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының қызметі маңызды, әрі өзекті екендігін кешегі және бүгінгі тарихи тәжірибе тарапынан дәлелденіп отыр. Шанхай форумы Орталық Азияның ғаламдық саяси процестегі бүкіл мүдделерін қорғауға бағытталған. Ресей, Қытай және